

A.A.Kalybekova, I.A.Kornilko, A.B.Aitzhanova

## Educational potential of the national pedagogics of the kazakhs in formation of ecological culture of schoolchildren

In conditions of growth of the national consciousness, revival of cultural and spiritual traditions and language there is a necessity of thorough, deeper acquaintance of youth with cultural values of the nation, with its national culture, customs and traditions. The article is devoted to consideration of the ways of realization of these issues in teaching and educational process.

### References

- 1 Nazarbayev N.A. *In a history stream*, Almaty: Atamura, 2003, p. 267, 286.
- 2 Ushinskiy K.D. *Native word. Student's book*, in 2 volumes, Moscow: Pedagogics, 1974, 2, 314 p.
- 3 *Kazakh proverbs and sayings*, transl. from Kazakh by N. Grebnev, Alma-Ata: Zhazushy, 1987, 129 p.
- 4 Zhailauova M.K. *Pedagogical education and science*, 2001, 5, p. 57–58.
- 5 Baiytanayev B.A., Divaev A.A. *The life and activity essay*, Shymkent, Almaty, 2004.
- 6 Kosherbayeva A. *The institute of higher education of Kazakhstan*, 1997, 3, p. 124–128.
- 7 *Kazakh national fairy tales* / Authored by G.I. Daurenbekov, Alma-Ata: Znanie, 1979, 415 p.
- 8 Turmanzhanov U. *Kazakh proverbs and sayings*, Alma-Ata: Znanie, 1980, 83 p.

ӘОЖ 37.01

К.Ж.Бұзаубақова, Ж.Н.Күмісбекова, С.А.Әубәкірова

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты  
(E-mail: dinkaz73@mail.ru)

### Педагогикалық кадрларды дайындауда дуалды оқыту жүйесін енгізу және жүзеге асыру

Мақалада Тараз мемлекеттік педагогикалық институты мен Тараз қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің ынтымақтастық байланыс аясында педагогикалық кадрлар дайындауда дуалды оқыту жүйесін енгізу және жүзеге асыру алғаш рет қарастырылды. Бәсекеге қабілетті педагогикалық кадрларды дайындауда жоғары педагогикалық білім беру жүйесіне дуалды оқытуды енгізу жолдары ашылды.

*Кілт сөздер:* дуалды білім беру, Назарбаев Зияткерлік мектеп, интегративті әдіснама, әдістемелік желілік байланыс, инновациялық іс-тәжірибе, оқытудың Кембридж әдісі, ақпараттық банк қоры, ынтымақтастық, инновация, технология.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі (НЗМ) оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс», — деп атап көрсеткендей, жоғары білім беру жүйесін жетілдіру қажеттілігі туындауда [1].

Әлемдік бәсекеге қабілетті мамандар даярлау үшін педагогикалық білім беру жүйесіне дуалды оқытуды ендіру қажеттілігі туындауда. Дуалды оқыту барысында теорияның практикамен ұштастырылуы жүзеге асады. Дуалды оқыту алғаш Германияда пайда болып, негізі қаланды. Дуалды

оқыту жүйесінің кәсіби мамандар даярлауда тиімділігі мен нәтижелілігі зор екендігі әлемдік тәжірибеде дәлелденген (Германия, Австрия, Швейцария т.б).

Кәсіби мектеп пен өндірістің өзара тиімді байланысын, өндірістегі кәсіби оқыту экономикалық рентабельділігін У.Грайнерт, Ф.Кюберт, Ф.Липцмайер, Г.Пуэтц А.Шелтен, Г.Шмидт, К.Штратман зерттеген. Кәсіби білім берудің дуалды формасының даму тарихын қарастырғандар: Р.Ф.Хенсен, У.Хиппэх-Шнайдер, Г.Вланкертц, Д. Бунк, Г.Абел, Г.Бланкерц, У.Грайнерт, Д.Грюнер, К.Койниг, К.Куэмелл, А.Липцмайер, П.Мюнч, Г.Шнайдер, К.Штратман, С.Тиссен.

Дуалды оқыту жүйесі ТМД елдерінде де кеңінен зерттеліп, кәсіби-техникалық білім беру процесінде ендірілуде [2–8].

Еліміздің педагогикалық жоғары білім беру жүйесіне дуалды білім беруді енгізу бойынша алғашқы қадамдар жасалуда. Себебі қазіргі таңда республикада 16 Назарбаев Зияткерлік мектебі ашылғанымен, ешбір педагогикалық жоғары оқу орындары Назарбаев Зияткерлік мектебіне арнайы маман дайындап жатқан жоқ.

Сондай-ақ орта мектептерде жұмыс жасайтын дарынды мұғалімдер НЗМ-не ауысуынан білім беру сапасының төмендеуі, білікті педагог кадрлардың тапшылығы орын алуда.

Қазіргі кезеңде бәсекеге қабілетті педагог кадрларды даярлау үшін педагогикалық жоғары оқу орындарында дуалды оқыту жүйесін енгізу *қажеттілігі* туындауда:

1. Жоо барлық мамандықтар бойынша көптілді маман даярлануы тиіс.

2. Білім сапасын арттыру үшін болашақ маман оқытудың заманауи технологияларын тек теориялық тұрғыдан емес, НЗМ базасында тәжірибеден сынақтан өте отырып, кәсіби біліктілікті меңгеруі тиіс.

Елімізде дуалды оқыту жүйесі техникалық, ауылшаруашылық, көлік, мұнай және газ, химиялық өндіріс мамандарын дайындайтын оқу орындарында ендіріле бастады. Жалпы 2014–2015 оқу жылында көптеген кәсіптік-техникалық оқу орындары дуалды оқыту жүйесіне көшті. Бірақ Қазақстанның бірде-бір педагогикалық жоо-да дуалды білім беру жүйесі ендірілмеген.

Шет елдерде дуалды оқыту жүйесіне бөлетін инвестициялық қаржысы таң қалдырады. Германияның көптеген өндірістерінде оқытудың дуалды жүйесі өскелең ұрпақтан резерв дайындауда ажырамас бөлігі болып тұр. Өндірістің бұл бағытта көрсететін белсенді әрекеті көпқырлы, кең көлемді және берік: жыл сайын кәсіби білім беру жайлы жарты миллионға жақын келісім жасалады.

Осындай өзекті мәселені шешу үшін «Жоғары педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: педагогикалық кадрларды дайындауда Тараз мемлекеттік педагогикалық институты мен Тараз қаласындағы НЗМ-нің инновациялық ынтымақтастығы негізінде дуалды оқытуды ендіру және жүзеге асыру» қанат қақты жобасы қолға алынды.

*Жобаның мақсаты* — Тараз мемлекеттік педагогикалық институты мен Тараз қаласындағы НЗМ-нің инновациялық ынтымақтастық байланысы негізінде білікті педагогикалық кадрларды дайындауда жоғары педагогикалық білім беру жүйесіне дуалды оқытуды ендіру және жүзеге асырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау, әдістемесін жасау.

Жоғары педагогикалық білім беруде дуалды оқытуды жүйесін ендіру жағдайында «*Мектеп — ЖОО — Зияткерлік мектеп*» интегративті байланысын орнату үшін жоғары оқу орнының базасында «Педагогикалық шеберлік» орталығы ашылады, «Жоғары оқу орнында дуалды білім беру жүйесі» 3 + 1 білім беру бағдарламасы жасалынады. Болашақ педагогтар жоғары білім берудің бакалавр деңгейінің 1–3 курстары теориялық білім алуға, соңғы курсы толықтай практикаға арналады.

Жобаны мақсатына қол жеткізу үшін төмендегідей әдістер пайдаланылады: тұлғаны дамытуға бағытталатын оқытудың Кембридж әдісі, интерактивті әдіс, рефлексия, миға шабуыл, психологиялық-педагогикалық тренингтер.

*Жобаның міндеттері:*

1. «Жоғары оқу орнында дуалды білім беру жүйесі» білім беру бағдарламасын жасау;

2. Тараз мемлекеттік педагогикалық институты мен Тараз қаласындағы НЗМ-нің инновациялық ынтымақтастық байланысының моделін жасау, интегративтік әдіснамасын айқындау жүзеге асыру тетіктерін анықтау.

3. Жоғары оқу орнының базасында дуалды білім беру жүйесін ендіру арқылы Назарбаев Зияткерлік мектебі базасында инновациялық іс-тәжірибесін үйрену, зерттеу, ендіру, қолдану, насихаттау және орта білім беретін мектептерде НЗМ-нің озат іс-тәжірибесін пайдаланудың жолдарын ашу; «*Мектеп — ЖОО — Зияткерлік мектеп*» әдістемелік-желілік байланысын орнату.

4. Қазақстан Республикасының жоғары білім беруде дуалды оқыту жүйесін ендіру мен оны жүзеге асырудың әдістемесін жасау.

*Күтілетін нәтижелер:*

1. Педагогикалық жоғары оқу орны мен НЗМ-нің инновациялық ынтымақтастық байланысының интегративтік теориялық-әдіснамалық негіздері анықталады.

2. Жоғары оқу орнының базасында дуалды білім беру жүйесін ендіру арқылы НЗМ базасында инновациялық іс-тәжірибесін үйрену, зерттеу, ендіру және орта білім беретін мектептерде НЗМ-нің озат іс-тәжірибесін тиімді пайдалану үшін *«Жоғары оқу орнында дуалды білім беру жүйесі»* білім беру бағдарламасы жасалынады.

3. НЗМ-нің іс-тәжірибесін енгізуге арналған аймақтық «Педагогикалық шеберлік» орталығы ашылады.

4. Жоғары оқу орнының базасында дуалды білім беру жүйесін ендіру арқылы НЗМ-і базасында инновациялық іс-тәжірибесін үйрену, зерттеу, ендіру, қолдану, насихаттау және орта білім беретін мектептерде Назарбаев Зияткерлік мектебінің озат іс-тәжірибесін пайдаланудың жолдары ашылады; *«Мектеп — ЖОО — Зияткерлік мектеп»* әдістемелік-желілік байланысы орнатылады.

5. Қазақстан Республикасының жоғары білім беруде дуалды оқыту жүйесін енгізу мен оны жүзеге асырудың әдістемесі жасалынады. Осы жобаны жүзеге асыру барысында педагогикалық жоғары оқу орнының студенттері мемлекеттік практиканы НЗМ базасында өтеді, оның теориялық бөлімін НЗМ оқытушылары дәріс оқып, НЗМ-нің іс-тәжірибесін енгізуге арналған аймақтық «Педагогикалық шеберлік» орталығы ашылады.

Жоо-ның студенттері НЗМ-де жұмыс жасап жатқан шетелдік ғалымдардың өзінен дәріс алады; екіншіден, болашақ педагогтар теорияда алғанын НЗМ-нің тәжірибесінен өткізе алады; үшіншіден, осы дәріске жоо-ның мұғалімдері мен жалпы орта білім беретін мұғалімдері де қатыса алады; төртіншіден, On-line режимінде өзара әдістемелік көмек, ақпарат, тәжірибе алмасуға толықтай мүмкіндік туады; бесіншіден, болашақ мұғалімдер, жоо-ны оқытушылары шетелдік ғалымдармен бірлесе білім сапасын арттыруда инновациялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге жол ашылады.

Қойылған мақсат-міндеттерді жүзеге асыру үшін төмендегідей әдіс-тәсілдер пайдаланылады. Зерттеу нәтижелерін өлшеу, анықтау және тіркеу үшін эмпирикалық әдістер қолданылады. Ол үшін хронометраж бақылау, алынған фактілер мен жағдаяттарды талдау, әңгімелесу және сұхбаттасу, педагогикалық құжаттарды талдау және іс-әрекет нәтижесін бағалау, педагогикалық тәжірибені жалпылау, салыстырмалы педагогикалық және әлеуметтік педагогикалық әдістер, педагогикалық тестілеу, педагогикалық эксперимент және т.б. әдістер пайдаланылады.

Сондай-ақ жоба аясында алынған мәліметтерді өңдеудің статистикалық әдісі пайдаланылады: сапалық ранжирлеу, корреляциялық әдіс, факторлық анализ, математикалық-статистикалық әдістер, бағалау, диагностикалау және сапалық жүйелеу, топтастыру, синтездеу, бағалау, педагогикалық талдау және т.б.

Осы аталған әдістердің ең тиімдісі интерактивті әдістері: рефлексия, өзіндік рефлексия, миға шабуыл, оның ішінде психологиялық-педагогикалық тренингтер, себебі креативті тұлғаны қалыптастыру мәселесі жан-жақты қарастыруды қажет етеді. Ұсынылған әдістеменің артықшылығы сол — қойылған мақсатқа жету үшін отандық және шетелдік педагогиканың қол жеткен жетістіктерін озық тәжірибелерін пайдаланған жөн. Атап айтқанда, тұлғаны қалыптастыру процесі заман талабына сәйкес өзара бірлікте өзгеріп отырады және бұл процесс ұдайы өзгерісте болады. Осыған сәйкес оқытудың әдіс-тәсілдері де өзгереді. Сондықтан дәстүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану нәтижесінде қол жеткен әдіс-тәсілдер инновациялық бағытта үнемі жетілдіруді қажет етеді.

*Жобаның ұлттық және халықаралық деңгейдегі маңыздылығы* жоғары, себебі, біріншіден, жоо-ның студенттері НЗМ-де жұмыс жасап жатқан шетелдік ғалымдардың өзінен дәріс алады; екіншіден, болашақ педагогтар теорияда алғанын НЗМ-нің тәжірибесінен өткізе алады; үшіншіден, осы дәріске жоо-ның мұғалімдері мен жалпы орта білім беретін мұғалімдері де қатыса алады; төртіншіден, онлайн-режимінде өзара әдістемелік көмек, ақпарат, тәжірибе алмасуға толықтай мүмкіндік туады; бесіншіден, болашақ мұғалімдер, жоо-ны оқытушылары шетелдік ғалымдармен бірлесе білім сапасын арттыруда инновациялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге жол ашылады.

*Әлеуметтік сұраныс және (немесе) жобаны жүзеге асырудағы экономикалық және индустриалды қызығушылықты және оның нәтижесін алу:*

- НЗМ-і арнайы дайындалған білікті педагогтарға жоғары сұранысқа ие болып отыр;
- болашақ педагогтар бакалавр дипломымен қоса кәсіби біліктілік дәрежесін (сертификат) алып шығады;
- НЗМ-дер педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етіледі;
- ең бастысы, «МЕКТЕП – НЗМ – ЖОО»-да білім сапасы артады.

*Ғылым мен технологияның дамуына алынған нәтижелердің әсері және күтілетін әлеуметтік және экономикалық әсер:*

- білікті маман дайындауға жұмсайтын уақыттың көлемін азайтып, бөлінетін қомақты қаржыны анағұрлым дәрежеге дейін үнемдей аламыз;
- қоғамның бүгінгі сұранысын қанағаттандыратын бәсекеге қабілетті, инновациялық технологияларды тиімді пайдалана алатын жоғары білікті маман даярланады.

Дуалды оқыту жүйесінде, бір жағынан, кәсіптік мектеп немесе жоғары оқу орны, екінші жағынан, білім беретін мекеме, өндіріс орындары бірлесе жұмыс жасайды. Екі мекеме де бір-біріне тәуелсіз серіктес бола алады. Ең бастысы, дуалды оқыту жүйесінде білім алған студенттер өндірістік практикадан өткен мекемеде жұмысқа қалдырылады.

Дуалды оқыту жүйесі бойынша әлемде Германия көш бастап келеді. Германияның оқыту жүйесі өмірлік тәжірибе арқылы дәлелденген және Еуропалық одақта үлгі ретінде қабылданған. Дуалды оқыту жүйесін практикаға алғаш ендірген мемлекет ретінде танылған Германияда Еуроодаққа кіретін мемлекеттерге қарағанда, жастардың ішінде жұмыссыздық деңгейі өте төмен және экономикасы жоғары дамыған.

Оқыту мерзімінің 2/3 бөлігі өндірістік (мектептік) практикаға, қалған 1/3 бөлігі кәсіптік-теориялық білім алуға жұмсалады. Бұл оқытудың дуалды жүйесі тек қана Германияда емес, Австрия мен Швейцария мемлекеттерін де тиімді жүзеге асырылуда. Ал Швейцарияның жұмысшы күшінің мониторингтік сапа, Халықаралық институтының бағалауынша, Германия кәсіптік білім беру жүйесі кадрлардың біліктілік деңгейі бойынша көшбасшы мемлекет ретінде танылады.

Оқытудың оқу бағдарламасы жұмыс берушінің сұранысы бойынша жасалынады, пән бойынша оқу материалының көлемін бір мамандық шеңберінде қарастыруға мүмкіншілік бар. Оқытудың практикалық және теориялық бөлімдеріне бірдей уақыт бөлінеді. Дуалды оқытудың германдық бағдарламасының мерзімі 2-ден 3,5 жыл аралықты қамтиды.

Германияның дуалды оқыту жүйесі негізінен өндірістік және технологиялық секторға бағытталған, ал гуманитарлық бағытта қарастырылмайды.

*Ал, біздің ұсынатын жобаның ерекшелігі — дуалды оқыту жүйесін гуманитарлық бағытта, оның ішінде педагогикалық мамандықтарға қатысты қарастыру.*

*Жобаның ұлттық және халықаралық деңгейдегі маңыздылығы жоғары:*

- жоо-ның студенттері НЗМ-де жұмыс жасап жатқан шетелдік ғалымдардың өзінен дәріс алады;
- болашақ педагогтар теорияда алғанын НЗМ-нің тәжірибесінен өткізе алады;
- НЗМ базасында шетелдік ғалымдар оқитын дәріске жоо-ның мұғалімдері мен жалпы орта білім беретін мұғалімдері де (тегін) қатыса алады;
- онлайн-режимінде өзара әдістемелік көмек, ақпарат, тәжірибе алмасуға толықтай мүмкіндік туады;
- болашақ мұғалімдер, жоо-ны оқытушылары шетелдік ғалымдармен бірлесе білім сапасын арттыруда инновациялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге жол ашылады;
- мемлекет педагог кадрларды дайындауға және олардың біліктілігін арттыруға жұмсайтын уақыт көлемін, оған бөлінетін қомақты қаржыны анағұрлым дәрежеге дейін үнемдейді;
- қоғамның бүгінгі сұранысын қанағаттандыратын бәсекеге қабілетті, инновациялық технологияларды тиімді пайдалана алатын жоғары білікті маман даярланады;
- жоғары педагогикалық білім беру жүйесіне дуалды оқыту жүйесін ендіруде болашақ педагогтар ТарМПИ-де ашылатын «Педагогикалық шеберлік» орталығында біліктілікті арттырудың бірінші деңгейін тегін игеріп, болашақта білім сапасын арттыра алатын, өзін-өзі жетілдіретін креативті құзыреттілігі қалыптасады.

Назарбаев Зияткерлік мектебі мен педагогикалық жоғары оқу орнының бірлескен мақсаты — бәсекеге қабілетті жаңа тұрпатты мұғалім даярлау. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін Назарбаев Зияткерлік мектебінің ғылыми-әдістемелік бірлестігі мен педагогикалық жоғары оқу орнының ғылыми-әдістемелік кеңесі бірлескен ғылыми-әдістемелік кеңес құруы қажет (сур. қара).


НЗМ базасында орналасқан педагогикалық шеберлік орталығы осы мектептің базасында тәжірибеден өтіп жатқан болашақ мұғалімдер мен олардың тәлімгерлері-педагогикалық жоо оқытушыларының біліктілігін арттыратын *инновациялық зертхана* төмендегідей бағыттар арқылы жұмыс жасауы қажет:

- ✓ оқу-әдістемелік жұмыс;
- ✓ ғылыми-зерттеу жұмыс;
- ✓ ғылыми-эксперименттік жұмыстар.

Инновациялық зертханада ғалым-оқытушылар НЗМ мұғалімдерімен бірлесе отыра элективті курстардың оқу бағдарламасын жасайды; авторлық бағдарлама ұсынады; оқулық, оқу-әдістемелік құрал даярлайды және т.б.

Инновациялық зертхана мүшелері білім сапасын арттыру бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді, авторлық инновациялық технологияларды сынақтан өткізеді.

Инновациялық зертхана мүшелерімен педагогикалық оқу, педагогикалық семинарлар конференциялар, дөңгелек үстел, теориялық-әдіснамалық семинарлар, инновациялық жоба тұсаукесер жасалынады.



Сурет. «Педагогикалық жоғары оқу орны — Назарбаев Зияткерлік мектебі» кешенінің бірлескен инновациялық жұмыстар жүйесі

НЗМ педагогикалық жоғары оқу орнының эксперименттік алаңы болуы керек:

- ғалым-оқытушылар өз зерттеулерін, ашқан жаңалықтарын алғаш рет *өз эксперименттік алаңында* зерттеуден сынақтан өткізуі қажет;
- ғалым-оқытушылар өздері ашқан инновациялық технологияларын *өздері сабақ беріп*, НЗМ мұғалімдеріне *тәжірибе жүзінде көрсетулері керек*;

– педагогикалық жоғары оқу орны ғалымдары тікелей НЗМ-не келіп, мектеп мұғалімдерімен ынтымақтастықта жұмыс жасауына, мектептің бүгінгі күнгі өзекті проблемаларын шешуге, *бірлесе ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге атсалысады.*

Сондай-ақ педагогикалық жоо-ның ғалымдары үшін НЗМ базасында жұмыс жасап жатқан шетелдік ғалымдармен бірлесіп, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге мүмкіндік туады.

Педагогикалық жоғары оқу орнының инноватор-ғалымдары НЗМ-нің әдістемелік кеңесінің белді мүшесі болуы қажет:

- НЗМ педагогикалық ұжымы педагогика саласындағы заманауи технологияларды таныстырып, өз іс-тәжірибесімен бөлісіп, теориялық және практикалық семинар, педагогикалық-психологиялық тренингтер, педагогикалық оқулар өткізіп тұруы қажет;
- болашақ мамандар НЗМ қабырғасында педагогикалық практика барысында оқытудың Кембридж әдістерін меңгеруге толықтай мүмкіндігі болады.

Нәтижесінде білім сапасын арттыруға үлесін қосатын технологиялар мен ғылыми жобалар оқу үрдісін басқа қырынан қарауға мүмкіндік туғызады.

Жоғары педагогикалық оқу орны мен НЗМ сапалы маман дайындау үшін бірлесе, ынтымақтастықта жұмыс жасағаны жөн. Ал бұл өз кезегінде жалпы білім беретін мектептің сапасыз мамандар үшін жоо-ның кінәлауды болдырмайды және кейбір орын алатын кемшіліктерін дер кезінде жоюға, алдын алуға жол ашады және кері байланыстың болуын толықтай қамтамасыз етеді.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: poslanie-prezidenta kazakhstan 2014-g
- 2 *Грайнерт В.Д.* Организаторская модель и концепции в высшем образовании. — Штутгарт, 2001.
- 3 *Корнетов Г.Б.* ГФР дуалды кәсіби білім беру жүйесінде білім алушы персоналды дайындау мен оқытудың педагогикалық ерекшеліктері. — Екатеринбург: Академия, 2001. — 210-б.
- 4 *Корягина Е.В.* Образование: идеалы и ценности (историко-теоретический аспект). — М.: Просвещение, 2002. — С. 139.
- 5 *Савина М.С.* Образование: идеалы и ценности (историко-теоретический аспект). — М.; Ростов н/Д., 2003. — С. 150.
- 6 *Федотова Е.Е.* Оқушылардың кәсіби талғамын қалыптастыруда мектеп пен жанұяның байланысының педагогикалық негіздері. — М.; Ростов н/Д, 2001. — 146-б.
- 7 *Федотова О.Д.* ФТП жағдайындағы ГФР мен Швейцарияда жастарға кәсіби дайындық беру. — М.: Просвещение, 2003. — 120-б.
- 8 Германия мен ГФР педагогиканың теориялық-әдістемелік негіздері (XX ғ. аяғы мен XX ғ. 90 жж.). — М.: Просвещение, 2001. — 145 б.

К.Ж.Бузабақова, Ж.Н.Кумисбекова, С.А.Аубакирова

### **Внедрение и реализация системы дуального обучения в подготовке педагогических кадров**

В статье впервые рассматриваются вопросы внедрения и реализации дуальной системы обучения при подготовке педагогических кадров на основе инновационного сотрудничества Таразского государственного педагогического института и Назарбаев Интеллектуальных школ г.Тараза. Раскрываются пути внедрения дуального образования в систему высшего педагогического образования при подготовке конкурентоспособных педагогических кадров.

K.Zh.Buzaubakova, Zh.N.Kumisbekova, S.A.Aubakirova

### **Insert and realization of the dual teaching system in preparation for teaching staff**

Firstly in this article are considered the realization of the dual teaching system in preparation for teaching staff on the base of cooperation of Nazarbaev Intellectual school which is situated in Taraz with Taraz state pedagogical institute. Also are opened some ways of insert of the dual teaching into a system of the higher pedagogical education in preparation for competitive teaching staff.

## References

- 1 President N.A. Nazarbaevs Message for people of Kazakhstan named as «The Kazakhstan way – 2050: One aim, one life, one future», [ER]. Access mode: poslanie-prezidenta kazakhstan 2014-g
- 2 Greinert V.D. *Orhanisations modelle und Lernkonzepte in der beruflichen Bildung*, Stuttgart, 2001.
- 3 Kornetov G.B. *Pedagogical peculiarities of activity and preparation of studying personal in the dual system of the professional education of FRG*, Ekaterinburg: Academy, 2001, 210 p.
- 4 Koryagina Ye.V. *Formation: ideals and values (historically-theoretical aspect). Realization of historically-pedagogical process in context of civil approach*, Moscow: Prosveshchenie, 2002, 139 p.
- 5 Savina M.S. *Education: ideals and values (historically-theoretical aspect). Labor motivation in the western management*, Moscow; Rostov N\D, 2003, 150 p.
- 6 Fedotova Ye.Ye. *Pedagogical bases of interaction of a school and family in the professional orientation of pupils*, Moscow; Rostov N\D, 2001, 146 p.
- 7 Fedotova O.D. *Professional preparation of young students in FRG and Switzerland in conditions of STP*, Moscow: Prosveshchenie, 2003, 120 p.
- 8 Theoretically-methodical bases of pedagogy of Germany and FRG: At the end of the 19<sup>th</sup> century- 90 years of the 20<sup>th</sup> century, Moscow: Prosveshchenie, 2001, 145 p.

УДК 378.037 (470 + 571)

В.Н.Василюк

*Ровенский государственный гуманитарный университет, Украина  
(E-mail: 77vasyl@ukr.net)*

### Научно-методические основы аксиологического подхода в формировании здорового образа жизни студенческой молодежи

В статье излагаются аспекты формирования здорового образа жизни студентов высших учебных заведений средствами педагогической аксиологии. Раскрываются сущность и значение ценностных ориентаций будущих педагогов как весомого фактора формирования здорового образа жизни. Выявлено, что аксиологический компонент, который является нормативным ядром личности, служит системообразующим элементом в физической культуре и определяет специфику выявления других компонентов, которые в процессе непрерывного взаимовлияния обеспечивают становление физической культуры личности студента.

*Ключевые слова:* физическая культура, студенты, здоровый образ жизни, аспекты, аксиология, ориентации, компетентность, ценности, общество, компонент, предпосылки.

**Постановка проблемы.** В контексте современных изменений, происходящих в экономическом, культурном, экологическом пространстве нашего государства, особую актуальность приобретают проблемы формирования здорового образа жизни как детерминанты гармоничного развития ребенка, ученика, студента в целом и студента-педагога в частности.

В условиях перехода от авторитарного образования к образованию гуманистического типа возникает потребность в педагогах нового поколения, отличительными чертами которых являлись бы широкая образованность, высокая общая культура, богатый духовный мир, настоящая интеллигентность, глубокое знание своей специальности, методическое мастерство и которые представляли бы собой образец для подражания во всех сферах жизнедеятельности и научных подходах к проблеме формирования здорового образа жизни студенческой молодежи.

Сохранение здоровья людей все больше осознается как первоочередная задача государства, общества и всех его социальных институтов. Здоровье нации — показатель цивилизованности государства — отображает уровень социально-экономического развития общества в целом, главный критерий целесообразности и эффективности всех сфер деятельности человека [1, 2; 47].

Аксиологический подход не только преподносит человека как высшую ценность общества и самодель общественно-развития, но и позволяет изучать явления (в том числе и педагогические) с точки зрения заложенных в них возможностей удовлетворения потребностей человека. Именно это